

Қазақстан Республикасының Ішкі істерінің оқу орындарының бітірушілерін дербес бөлу және жас мамандармен жұмыс ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 12 желтоқсандағы N 692 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 15 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1364. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 02 сәуірдегі № 220 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 02.04.2013 № 220 (алғаш ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Ішкі істерінің оқу орындарының бітірушілерін дербес бөлуді қамтамасыз ету, олардың қызметке дер кезінде келуін және жас мамандармен жұмысты сапалы ұйымдастыру үшін оларды мамандықтары бойынша пайдалануға бақылауды күшейту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ішкі істерінің оқу орындарының бітірушілерін дербес бөлу және жас мамандармен жұмысты ұйымдастыру туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. ІІД, көліктегі ІІД бастықтары:

1) осы бұйрықтың талаптарын кадр аппараттарының орындауын жеке бақылауға алысын;

2) бітірушілерді қызметте тек мамандықтары бойынша және жоғары және орта арнайы білімі бар мамандардың орнын ауыстыруға жататын лауазымдар тізбесіне сәйкес пайдалансын;

3) бітірушілерге күнделікті қамқорлық көрсетіп, оларға тиісті тұрмыстық жағдай жасасын, сонымен бірге олардың ішкі істер органдарындағы қызметке қалыптасуы мен бекітілуін мейлінше жеделдетуге қол жеткізіп, оларға тәлімгерлерді бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істерінің оқу орындарының бастықтары:

1) мүдделі тараптарды қатыстыра отырып, дербес бөлу жөніндегі комиссияның уақтылы және тиімді жұмысын қамтамасыз етсін;

2) ішкі істер органдары үшін кадрлар даярлауды жетілдіру мақсатында жас мамандар жұмыстарының нәтижесі бойынша ІІД, көліктегі ІІД басшылығына пәрменді екі жақты байланысты ұйымдастырсын.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 184 бұйрығымен .

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер вице-министрі генерал-майор Б.С.Сәрсековке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі -
Ішкі әскерлер қолбасшысы

генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы

Ішкі іс министрінің

2000 жылғы 12 желтоқсандағы

N 692 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі іс министрі оқу орындарының бітірушілерін жеке бөлу және жас мамандармен жұмыс ұйымдастыру туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "ІББ, ІБ, көліктегі ІБ" деген аббревиатуралар "ІД, көліктегі ІД" деген аббревиатуралармен ауыстырылды;
барлық мәтін бойынша "КЖТЖД" деген аббревиатура "КЖД" деген аббревиатурамен ауыстырылды;

барлық мәтін бойынша "және тәрбие" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 184 бұйрығымен .

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жоғары оқу орындары мен колледждері күндізгі оқыту факультеттерінің бітірушілерін ішкі істер органдарында қызмет ету үшін дербес бөлу және жіберу тәртібін, сондай-ақ жас мамандармен жұмыс ұйымдастыруды белгілейді.

2. Күндізгі оқытудың толық курсы аяқтаған және дипломдық жұмыс қорғаған, мемлекеттік емтихандарды тапсырған және дербес бөлу жөніндегі комиссия жұмысқа жіберген Қазақстан Республикасы Ішкі іс министрінің жоғары оқу орны мен колледжінің бітірушісі (бұдан әрі - бітіруші) лауазымға тағайындау күнінен бастап үш жыл бойы жас маман деп есептеледі.

3. Бітірушілерді дербес бөлуге әдістемелік басшылық етумен және жас мамандармен жұмысты ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Кадр жұмысы департаментінің Оқу орындар басқармасы (бұдан әрі - КЖД) жүзеге асырады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 184 бұйрығымен.

2. Бітірушілерді бөлу

4. Әдетте, бітірушілер оқуға жіберген ішкі істер органына және мекемесіне қызметке бөлінеді. Оларды басқа органдар мен мекемелерге бөлу КЖД келісімі бойынша ғана жүргізілуі мүмкін. Ол туралы комиссия отырысының хаттамасында тиісті жазба жасалады.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 184 бұйрығымен.

5. Бітірушілерді дербес бөлуді оқу орны бастығының бұйрығымен құрылған дербес бөлу жөніндегі комиссиялар олардың оқу орнын бітіруіне кемінде 4 ай уақыт қалғанда жүргізеді.

Дербес бөлу жөніндегі комиссияның төрағасы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия құрамына: оқу орнының бастығы, ол төрағаның орынбасары болып табылады, оқу орнының басқа да басшылары, шығарушы факультеттердің, кафедралардың бастықтары, Ішкіісминнің және жасақтаушы ішкі істер органдарының, сондай-ақ оқу орындарының қоғамдық ұйымдарының өкілдері кіреді.

Комиссия төрағасының орынбасары комиссия жұмысының уақыты туралы мүдделі тараптарға 2 аптадан кешіктірмей хабарлайды және комиссия жұмысы кезінде іскерлік ахуал мен оның тыңғылықты болуын қамтамасыз етеді.

6. Дербес бөлу жөніндегі комиссия:

1) ішкі істер органдарының жас мамандарға қажеттілігін олардың тапсырысына сай қамтамасыз етеді;

2) отырыстың хаттамасын және бітірушілерді дербес бөлу ведомосін (N 1 қосымша) жүргізеді;

3) өз отырыстарында бітірушілердің сауалнамалық деректерімен танысады, оқу орнының оларды барынша мақсатқа сай пайдалану туралы ұсынымдарын, сондай-ақ бітірушінің өзінің болашақ жұмысы туралы жеке тілектерін талқылайды;

4) бітірушілерге олардың алған мамандықтарын, денсаулық жағдайын, отбасы жағдайын, үлгерімін, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуын ескере

отырып, қызмет орнын, ақшалай жалақысын, тұрғын үйдің берілуін көрсетіп, тиісті лауазымдарды ұсынады және бөлуге байланысты басқа да мәселелерді қарастырады ;

5) комиссия отырысына келмеген оқу бітірушілерді бөлу туралы мәселелерді олардың сыртынан қарай береді ;

6) оқу бітірушілерді бөлу туралы шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдайды, дауыстар саны тең болғанда төрағаның дауысы шешуші болып табылады ;

7) бөлу аяқталғаннан кейінгі екі апта ішінде оқу бітірушілерді дербес бөлудің екі данадағы хаттамасы мен оның нәтижелері туралы анықтаманы КЖД-не бекітуге ұсынады ;

8) оқудың толық курсы аяқталған соң, мемлекеттік емтихандар тапсырылып, диплом берілгеннен кейін КЖД енгізілген өзгерістерді ескере отырып, оқу бітірушілерді бөлудің түпкі нәтижелері туралы есеп ұсынады.

7. Оқу бітірушілерді дербес бөлу жөніндегі комиссияның шешімін өзгерту (қайта бөлу) тек КЖД құзыретіне жатады.

8. Жіберілген жерін өзгертудің негіздері:

1) тұрғылықты жері бойынша отбасының еңбекке жарамды басқа мүшелері болмаған кезде оқу бітірушінің ата-аналарының бірінші және екінші топтағы мүгедектігі ;

2) оқу бітірушінің немесе оның отбасы мүшелерінің бөлінген жердегі климаттық жағдайда тұруына қарама-қайшылықтардың барлығы туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы ;

3) оқу бітірушілерге - екіқабат әйелдерге, оқу орындарын бітіру сәтіне 3 жасқа дейінгі баласы бар аналарға немесе әйелдерге (күйеуінің, әйелінің, ата-аналарының) отбасының тұрақты мекен-жайы бойынша жұмыс беріледі ;

4) заңды некеде тұрса :

Егер жұбайлар, әртүрлі аумақтық органнан оқуға жіберіліп, оқу орнын бір мезгілде бітірсе, бір қалада немесе ауданда орналасқан ішкі істер органына жіберіледі ;

Егер жұбайлардың біреуі оқу орнын бұрын бітірсе, онда ол басқа жұбайдың келешекте жіберілетінін ескере отырып, сол ауданға (қалаға), егер кейін бітірсе - жұбайдың тағайындалатын орны бойынша жіберіледі.

Егер жұбайлардың біреуі басқа ведомствоның оқу орнын бітірсе, онда олардың жұмыс орны сол ведомствомен шарт бойынша, сонымен бірге оқу бітірушілердің неғұрлым мақсатқа сай пайдаланылуына сүйеніп анықталады.

5) комиссия жұмысы аяқталғаннан кейін оқу бітірушілердің некеге отыруы кезінде жұбайлардың жұмыс орындары ПД, көліктегі ПД арасындағы шарт бойынша КЖД келісімімен 8.5-тармаққа сәйкес белгіленеді ;

б) ғылыми-зерттеу жұмыстарында қабілеттілігімен танылған жоғарғы оқу орындарының оқу бітірушілері Жоғарғы оқу орны (факультет) кеңесінің ұсынысы бойынша бөлінгеннен кейін адъюнктураға конкурстық қабылдау емтихандарына жіберілуі мүмкін; адъюнктураға түспегендер бөлінген жері бойынша қызметке жіберіледі;

7) оқу бітіруші комиссия қорытындысымен келіспеген жағдайда он күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне келіспеушілігін дәлелдей отырып, өтініш жасауға құқылы.

Оқу бітірушінің жеке бөлу жөніндегі комиссия шешімімен келіспеуі оны тағайындалуы бойынша жұмысқа барудан босатпайды.

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 184 бұйрығымен .

9. Қазақстан Республикасы Ішкіісмині оқу орындарын бітірушілер қызметтің мүдделеріне қарай бөлінген жерлерінде қызмет өткереді.

10. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині оқу орындарын бітірушілер ішкі істер органдарына жұмысқа жіберу туралы берілген ұйғарымға сәйкес бөлінген жерге уақытында келуге міндетті.

11. Қазақстан Республикасы Ішкіісмині оқу орындарының бастықтары оқу бітірушілерді бөлу жұмысы бойынша:

1) оқу бітірушілерге осы Нұсқаулықтың талаптарын түсіндіруді ұйымдастыруға ;

2) оқу бітірушілерді дербес бөлу жөніндегі комиссия жұмысына дайындық ретінде ІД, көліктегі ІД-ге оларды тағайындау үшін ұсынылатын лауазымдар жөнінде мәліметтер беру туралы сауал жіберуге;

3) оқу бітірушілерді климаты қолайсыз жерлерге жіберген жағдайда оқу бітірушілерді және олардың отбасы мүшелерін медициналық куәландыруды ұйымдастыруға ;

4) Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің бұйрықтарында көзделген мерзімде оқу бітірушілерді алдын-ала бөлуді жүргізуге;

5) дербес бөлу жөніндегі комиссия отырыстарын хаттамаларының көшірмелерін, сондай-ақ оқу бітірушілер мемлекеттік емтихандарды тапсырып болғаннан кейін олардың жеке істерін тиісті ішкі істер органдары мен мекемелеріне жіберуді қамтамасыз етуге;

6) оқу бітірушілерге дипломдарымен бірге, бірақ оқу орнын аяқтағаннан кейін кем дегенде 5 күн ішінде тиісті құжаттарды, оның ішінде ішкі істер органдарына жұмысқа жіберу туралы ұйғарымды (куәлікті) беруді ұйымдастыруға (N 2 қосымша);

7) Ішкіісминнің оқу орнын бітіруіне байланысты демалыс бермей, оқу бітірушіні дербес бөлінген жері бойынша ішкі істер органына жіберуге;

8) оқу бітірушілердің бөлінген жерге уақытында жетуін қамтамасыз етуге және әзірше ол жас маман болып саналатын үш жыл ішінде Ішкіісминнің оқу орындарында кадрлар даярлауды жетілдіру мақсатында ПД, көліктегі ПД басшылығымен бірге олардың жұмыстарының нәтижелерін оқып-танысуды жүргізуге міндетті.

12. Ішкі істер органдарының және мекемелерінің бастықтары қарамағына оқу бітірушілер жіберілгенде:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына қанша бос орын барын, оған орналасатын жоғары және орта арнайы білімді мамандардың лауазымдарын, олар бойынша шектелген арнайы атағын, кесімді еңбекақысын, оларға тұрғын-жай берілу мүмкіндіктерін және басқа мәліметтерді беруге;

2) оқу орындарымен тығыз байланыс орнатуға, оқу бітірушілердің арасында мамандарды іріктеу жөнінде дайындық жұмысын ұйымдастыруға;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарын бітірушілерді дербес бөлуде комиссияның жұмысына міндетті түрде қатысуға;

4) оқу бітірушілерге арналған бос орындардың олар келгенге дейін сақталуын қамтамасыз етуге, жайлы тұрмыстық тұрғын-жай жағдайларын жасауға және оларды қызметінде орнығып тұруына ықпал ететін басқа да мәселелер жөнінде шаралар қабылдауға;

5) комиссияның шешімімен дербес бөлініп өздеріне жіберілген барлық оқу бітірушілерді олардың қандай ішкі істер органдарының ұсынысымен оқуға жіберілгеніне қарамастан жұмысқа орналастыруға міндетті.

3. Жас мамандармен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру

13. Ішкі істер органдарының және мекемелерінің бастықтары қарамағына оқу бітірушілер келгенде:

1) жас мамандардың картотекалық есебі мен олардың бөлінген жеріне дер кезінде келуіне бақылау жасауды ұйымдастыруға (N 3 қосымша); Олар келгеннен кейін бес күннің ішінде Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің КЖД-не және оқу орынына жазбаша растауға; жас маман бөлінген органға бір ай мерзімде келмеген жағдайда оқу орнына және Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің КЖД-не хабарлауға;

2) оқу бітірушілерге Ішкіісминнің оқу орнын күндізгі оқу нысаны бойынша аяқтауына байланысты олардың дербес бөлінген жері бойынша ішкі істер органдарында лауазымға тағайындалғанынан кейін еңбек демалысын беруге, демалыс уақытындағы ақшалай төлем пропорциялы өтелсін; оқу мерзімі кезінде - оқу кезеңінде берілетін ақшалай үлестен; ал лауазымға тағайындалғаннан кейін -

сол тағайындалған лауазымына сәйкес ақшалай үлестен;

3) оқу бітірушілерді лауазымға сапалы түрде енгізуді ұйымдастыруға және оларды нақтылы жағдайларда қызмет атқаруларына дайындықтарын қамтамасыз етуге, оларға тәлімгерлер бекітуге, тәлімгерінің басқа қызметке немесе бөлімге ауысуы кезінде, сонымен бірге оқу бітірушілердің ішкі істер органдарындағы қызметінде қалыптасу уақытын қысқартуға қол жеткізіп, оған басқа тәжірибелі қызметкерді қайта бекітуге;

4) жас мамандарды лауазымға тағайындау кезінде, әдетте оларды басқару аппаратында пайдаланбауға;

5) мерзімді, жылына кемінде бір рет оқу бітірушілердің жұмыстарының нәтижелері туралы оқу орындары мен КЖД-ге хабарлауға, оқу орындарында кадрлар даярлауды жетілдіру туралы ұсыныс енгізуге;

6) оқу бітірушілермен жүйелі түрде слеттер, кездесулер, семинарлар өткізуге, қызметтегі қиындықтарды жеңуге, жаңа жағдайларға бейімделуге ұдайы көмек пен қолдау көрсетуге;

7) жас мамандармен жұмыс істеу жөніндегі, олардың келуі, лауазымға тағайындалуы, ауысулары, қызметтен босатылуы және басқа да мәліметтерді көрсете отырып жыл сайын 1 қарашаға қарсы КЖД-ға ұсынымхатты қамтамасыз етуге міндетті.

4. Жас мамандардың ауысуы мен жұмыстан босатылуы

14. Жас мамандардың ауысуы:

1) бір ішкі істер органының, бөлімшесінің немесе мекемесінің шегінде тиісті органның, бөлімшенің немесе мекеменің басшылары ауыстырады;

2) қызметтің бірінші жылында бір ПД-ден, көліктегі ПД-ден басқа басқармаға Қазақстан Республикасы Ішкіісмині КЖД-нің рұқсатымен ауыстырылады;

3) Қазақстанның шегінен шығуды ішкі істер министрі - Ішкі әскерлер қолбасшысы шешеді. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің оқу орындарын бітірушілерге қатысты оқуға кеткен шығынды қабылдаушы тараптың төлеуі туралы шарттар ескеріледі;

4) Жас мамандарды ауыстыруды шешу үшін ПД, көліктегі ПД бірінші жетекшілерінің қолы қойылған тиісті материалдарды Қазақстан Республикасы Ішкіісмині КЖД-не жібереді.

15. Жас мамандарды және Ішкі істер министрлігі оқу орындарының күндізгі бөлімдерін бітіргеннен кейін бес жылдан кем жұмыс істеген ішкі істер органдарының қызметкерлерін қызметтен босату КЖД-нің келісімімен ғана

ж ү р г і з і л е д і .

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 184 бұйрығымен .

16. Жоғарғы және орта арнайы білімі бар арнайы немесе әскери атақ берілген жас мамандарды Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам адамдарының қызмет өткеру туралы ережесіне сәйкес жұмыстан шығарылады.

17. Жас мамандарды ішкі істер органдарынан жұмыстан шығару кезінде аумақтық ішкі істер органдары жұмыстан шығушының жеке ісін ІД, көліктегі ІД-ның бірінші басшысы бекіткен қорытындымен бірге Қазақстан Республикасы КЖД-не жібереді.

Қазақстан Республикасы ІІМ КЖД
Оқу орындары басқармасы

N 1 қосымша

" Б е к і т е м і н "
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Вице-Министрі

(ш е н і , Ф . а . ә . а .)

_____ 2000 ж.

Бітірушілерді дербес бөлу хаттамасы _____
(оқу орнының атауы)

N	Ф.а.ә.а.	Туған жылы	Ұлты	Отбасы	Маман дығы	Қай ИБ келген	Қай органның құзырына жіберілген
---	----------	------------	------	--------	------------	---------------	----------------------------------

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Лауазымы _____ Негіз (ІІБ _____ Ескерту
ш а қ ы р у
қ а ғ а з ы н а
м а қ ұ л .
д а м а)

N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер
Министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ішкі Істер Министрлігі

Нұсқаманың түбіртегі N ____
2000 ж. " __ " _____

Нұсқаманың N ____

_____ құзырына жіберіледі _____ құзырына жіберіледі
_____ қаласы _____ қаласы
_____ лауазымына тағайындауға _____ лауазымына тағайындауға

Негіз _____

Негіз _____

Онымен бірге _____ Онымен бірге _____

Белгіленген орынға келу мерзімі _____ Белгіленген орынға келу мерзімі _____
2000 ж. " __ " _____ 2000 ж. " __ " _____

КБ(КБ) бастығы: _____ КБ(КБ) бастығы: _____

(шені, қолы)

(шені, қолы)

М.О

М.О.

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

Кадр және Тәрбие Жұмысы
Басқармасы

Басқармасы

ҚІБ, ІБ, КІБ атауы

ҚІБ, ІБ, КІБ атауы

Келуі туралы мәлімдеме

Келуі туралы мәлімдеме

_____ жіберілген 2000 ж. " __ " _____ N _____

(о қ у о р н ы н ы ң а т а у ы)

Нұсқама бойынша сіздер жіберген

(бітірушінің Ф.а.ә.а.) _____
2000 ж. "___" _____ N _____ (бітірушінің Ф.а.ә.а.)
_____ нұсқама бойынша _____
_____ қаласына келді _____
2000 ж. "___" _____
ПБ 2000 ж. "___" _____
N _____ Бұйрығымен _____ қаласына келді
_____ ПБ 2000 ж. "___" _____
_____ N _____ Бұйрығымен
_____ лауазымына тағайындалды _____

_____ лауазымына тағайындалды
КжТЖБ бастығы: _____ КжТЖБ бастығы:

_____ облыстық _____ ПБ
_____ облыстық ПБ _____

(шені, қолы) _____ (шені, қолы) _____
2000 ж. "___" _____ 2000 ж. "___" _____
М.О. _____ М.О. _____
Формат 15*10

№ 3 қосымша
Ішкі істер органдарының жас
маманы есепке алу

карточкасы
Ф.а.ә.а, шені _____
_____ оқуға жіберілген
_____ жылы _____ бітірген
(оқу орнының атауы)
_____ мамандығы бойынша
_____ маманданған
_____ бөлінген
_____ қайта бөлінген
(қайта бөлу себебі)

кезекті шен берілуі _____
(бұйрықтың нөмірі және мерзімі)

карточканың сыртқы беті

N Қызметтегі лауазамы	Бұйрықтың N	Бұйрықтың м е р з і м і
-----------------------	-------------	----------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК